– Мазмұнды суреттер бойынша өз шығармашылығымен әңгіме құрастыра білу;
– Заттарды аттарына, қасиеттеріне, белгісіне қарап ажырату;
– Монологті және диалогті сөйлеудің екі түрін пайдаланып, оқылған шығарманы баяндау;
– Жалпы және жеке ұғым туралы түсініктерін жетілдіру;
– Оқыған шығарма, ертегі, көрген мультфильмдегі басты кейіпкерлерді ажыратып, олар туралы өзіндік қорытынды жасау;
**Шығармашылық сөйлеу әрекеті:**
– Шағын тақырыптарды жатқа айтуға үйрету;
– Балаларға түсінікті қуыршақ театрының «жүргізу техникасын» қолданып,театрландырылған іс-әрекеттерге, ойындарға – драматизациялауға, қуыршақ қойылымына қатысуға ниеттендіру;
– Ойын, өлең және сөз ұйқасын табуға белсенді қатысуға ынтасын арттыру;
– Кіші көркем әдеби әңгімелерді мазмұндау;
– Сюжеттік сурет бойынша әңгіме құрау;
– Өздеріне таныс әдеби шығармалар мен ертегі үзінділерін сахналауға қатыса білуі тиіс;
– Сауат ашуға үйретуде мектепке дейінгі ересек жастағы балалар сөйлеу тілінің сөйлемдерден, сөйлем сөздерден, сөздер дыбыстардан құралатынын біледі;
– Дыбыс. Сөздің дыбыстық талдауы;
– «Дауысты дыбыстар», «дау ыссыз дыбыстар», «қатаң», «ұяң», «үнді» деген ұғымдармен таныстыру;
– Тіл дыбыстары және оларды бейнелеу жолдарын үйрету;
– Сөздерді буындарға бөле білуге үйрету;
– Буынды сызба-нұсқа арқылы көрсете білу;
– Сөз. Сөй лем. Сөйлемнің аяқталған ойды білдіретінін түсіндіру;
– Сөйлем сызбасын құрау;
– Дыбыстарды және екпінді білдіру;
– Жазуға үйретуге даярлық;
– Қолды дамыту, жазу құралын дұрыс ұстауға үйрету;
– Қарапайым графикалық біліктерді қалыптастыру («қысқа және ұзын таяқшалар», «толқындар» т.б.)

**Білім беру саласы «Коммуникация»**
**Сурет салу**

# ТҮСІНІК ХАТ

**«Сурет салу»** оқу-әдістемелік кешен жаңа буынның төмендегі нормативтік құжаттарына сәйкес дайындалды.
1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 ж. 15 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген). Аталған стандарт Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі және мектепалды даярлық білім берудің жаңа методологиялық негізін анықтайды.
2. 1 жастан 6(7) жастағы балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 22 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген).
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген). Жаңартылған бағдарлама мектепке дейінгі білім берудің контекстегі 5 білімдік аласына жаңа мазмұн ұсынып отыр.
ОӘК дайындаудың негізгі мақсаты – педагогтерге «Сурет салу» ұйымдастырылған оқу қызметінде (бұдан әрі ҰОҚ) жаңа педагогтік тәсілдерін жан-жақты қолдану жөнінде бағыт-бағдар береді.
ОӘК-не:
- әдістемелік нұсқау
- № 1,2 жұмыс дәптері кіреді.
Әдістемелік нұсқауда бір жылға арналған перспективтік жоспар және 33 ҰОҚ-ға арналған жоспарлар берілген.
Сабақтың құрылымы төмендегі кезеңдерден тұрады:
• Бірінші кезең – ұйымдастыру кезеңі (жағымды эмоционалдық көңіл күй қалыптастырып, сабаққа ықыласын ояту, балалардың ұсынылып отырған сабақтақырыбын қуана қабылдауы үшін қажет);
• Үшінші кезең – рефлексия, бұл кезеңде жаңадан алған білім игеріліп, реттеледі.
Балалардың эстетикалық көзқарасы мен талғамын дамытудың бірден-бір тиімді жолы көркемөнер болып табылады. Эстетикалық тәрбиеде көркемөнерге ерекше орын беріледі. Ол бала жанын әртүрлі сезімге бөлей отырып, балаларға күнделікті өмірдегі құбылыстардың мәнін ашады, оларды қоршаған ортаға мұқият қарауға үйретеді. Әсемдікті түсініп, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелейді. Сонымен қатар, сызба ойын жаттығуларын, мысалы «Әдемі сызықтар», «Затты бейнеле», «Суретті аяқта», «Ою-өрнек сыз», «Менімен бірге

сыз», «Сызықтарды қайтала» т.б. жаттығуларын жүргізудің маңызы зор. Балалар әр тақырыпқа сәйкес сурет салғанда оның заттық, мазмұнды және сәндік суреттің қайсысына жататынын сезінуі үшін алдын ала ойын жаттығуы жүргізіледі. Мұнда бейнеленетін заттың пішіні мен көлеміне сәйкес қол қимыл қозғалысын икемге келтіру, кеңістікті бағдарлау, бейнені көз алдына елестету мақсатында сызба ойын жаттығуларын жүргізудің тиімді екендігін тәжірибе көрсетіп отыр. Бал қылқаламды қолына алып ауаға, қағаз бетіне бояусыз сызып, затты ойша, қиялында бейнелеуге жаттығады. Тек содан кейін барып қана қарындашпен, бояумен сурет салуға кіріседі. Қылқаламды дұрыс пайдаланып, сызықтарды жеңіл жүргізуге, түзу, қисық, доға тәрізді, дөңгелек және толқынды сызықтарды еркін сызуға жаттығады. Ұлттық ою-өрнек а түрлерін сурет салуда қалай пайдалануды үйренеді. «Қошқармүйіз», «сынықмүйіз», «қойізі», «бұғымүйіз», «құс қанаты», «құстұмсық», «қарғатұяқ», «бүршік», «қызғалдақ», «ботакөз», «түйетабан», «ирексу», «толқын», «тарақ», «балта», «омыртқа» т.б. тәрізді ұлттық ою-өрнек түрлерімен жете танысады. Педагог сурет салу оқу қызметінде балалардың көркем безендірулеріне ерекше мән беріп, оларды әсемдік, сұлулықты жан-дүниесімен сезіне білуге баулиды. Оқу қызметі барысында заттық сурет салуды жетілдіру бағытындағы жұмыстар жүргізеді. Балалар заттардың әртүрлі көлемдегі, қимыл-қозғалыс үстіндегі бейнесін бере білулерін, олардың ерекшеліктерін ажырата білуін, салыстырмалы көлемді (биік-аласа) сезіне білуін басты назарда ұстау қажет.

Мазмұнды сурет салған кезде айналада көргендерін, алған әсерлерін, ертегі, өлеңтақпақтар мазмұны бойынша сурет салу дағдылары қалыптасады, балалар қағаз бетін толық пайдалануға, сурет салу барысында және өз бетімен көркемөнер бұрышын дайындағанда таяқшаларды, қауырсынды, түрлі түсті борларды, көмір қарындаштарды, ретушь қарындаштарды пайдаланып жұмыс жасауға әрекеттенеді.

Бейнелеу оқу қыметін ұйымдастыруда педагогтерге қойылатын талаптар:

– берілген тақырып мазмұнын ашу үшін бейнелеу өнері түрлері жайында түсінік беріп, көркемөнер туындыларымен таныстыру, оның көркемдігін сезіне, қабылдай білуге дағдыландыру;

– бейнелеу іс-әрекетін үйрету барысында оның мәнерлеу құралдарын (түс, көлем, пішін, композиция, ырғақ т.б.) меңгерту, құрал-жабдықтармен жұмыс істеу іскерлігіне машықтандыру (сурет салу, мүсіндеу, қиып жапсыру);

– сәндік қолданбалы өнер арқылы ұлттық салт-дәстүрлермен таныстырып, үлкендер еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, көркемдік талғамын қалыптастыруға көңіл болу;

– ауыз әдебиеті үлгілерін, көркем шығармаларды тиімді қолдану;

– баланың дене бітімінің сымбатты болып қалыптасуына мүмкіндік туғызу (түзу отыру, бой сергіту сәтінде қимылды ойындарды өз мақсатына сай пайдалану);

- көркемөнерге қызығушылығын арттыру, ақыл-ойының дамуына, қиялының шарықтауына ықпал ете білу;

- еңбек ету дағдыларын қалыптастыру;

– қоғамдық өмір, табиғат, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі жайында қарапайым түсініктер беріп, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

**Білім беру саласы «Коммуникация»**
**Мүсіндеу**

# ТҮСІНІК ХАТ

**«Мүсіндеу»** оқу-әдістемелік кешен төмендегі нормативтік құжаттарға сәйкес дайындалған.
1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 ж. 5 мамырдағы № 182 бұйрығымен бекітілген).
2. 1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды оқыту қазақ тілінде жүргізілетін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 ж. 12 мамырдағы № 195 бұйрығымен бекітілген);
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 ж. 24 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен бекітілген).
Жаңартылған бағдарлама мектепке дейінгі білім берудің контекстегі 5 білімдік саласына жаңа мазмұн ұсынып отыр.
ОӘК дайындаудың негізгі мақсаты – педагогтерге «Мүсіндеу» бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінде (бұдан әрі ҰОҚ) жаңа педагогтік тәсілдерін жан-жақты қолдану жөнінде бағыт-бағдар беру.
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында
«Мүсіндеу» оқу қызметі бойынша мынадай мақсат пен міндеттер анықталған:
**Заттық мүсіндеу.**
Дағдыларды қалыптастыру:
– балаларды затқа қарап немесе көз алдарына елестету арқылы көлемі мен пішіні әртүрлі таныс заттарды, көгөністер мен жемістерге тән ерекше бөліктерді бейнелеуде қолдарын және саусақтарын дұрыс қозғалта отырып, мүсіндеу;
– қарапайым қатынастарды сақтай отырып адам мен жануарлардың пішінін мүсіндеуге үйрету;
– көшеде, үйде және балабақшада көрген заттарын бейнелей отырып, елестету арқылы мүсіндеу.
Олар бақылау жасаған заттардың бейнесін жеткізе білуге, заттарды түрлі қалыпта мүсіндеуге, бейненің жеке шешімін өздігінен табуға

үйрету. Сулы шүберекпен пішіннің үстінен тегістеуге және кескішті қолдануға үйрету.

**Сәндік мүсіндеу.**

Балаларды халықтық ойыншықтармен таныстыру, ойыншықтарды мүсіндеуге үйрету. Халықтық ойыншықтар желісі бойынша бейнелер жасауға үйрету. Мүсінді бейнені безендірудің тәсілдерін өз қалауы бойынша таңдауды ұсыну.

**Сюжеттік мүсіндеу.**

Балаларды мүсіндеудің таныс әдістерін қолдануға және заттардың өлшемдік қатынастарын бере білуге жаттықтыру. Бейненің ерекше қасиетін, адамның қимылын анық көрсетуге, сырт келбетін әдемі безендіруге үйрету. Кескішті қолданып, тұтас бөліктен мүсін жасауды жетілдіру. Затты тұғырға орналастыру техникасын қалыптастыру. Біртекті заттардан сюжеттер жасау, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру. Кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеуге, композиция мазмұнын қосымша заттар мен элементтердің көмегімен мейлінше көркемдеп жеткізуге үйрету.

Біркелкі заттардың бейнесін жасаудан, мазмұнға сәйкес әрқилы бейнелерді жасау білімдерін бекіту.

ОӘК-нің құрамына:

– әдістемелік нұсқау

– балаларға арналған № 1,2 жұмыс дәптерлері кіреді.

Әдістемелік нұсқауда бір жылға арналған перспективалық жоспар және 33 ұйымдастырылған оқу қызметі жоспарлары берілген.

ҰОҚ құрылымы төмендегі кезеңдерден тұрады:

• бірінші кезең – ұйымдастыру кезеңі (жағымды эмоционалдық көңіл күй қалыптастырып, ҰОҚ-не ықыласын ояту, балалардың ұсынылып отырған оқу қызметінің тақырыбын қуана қабылдауы үшін қажет);

• екінші кезең – негізгі кезең, бұл үдеріс барысында зерттеліп отырған мәселе түсіндіріліп, балалардың бәрі оқу қызметіне белсенді араласады;

• үшінші кезең– рефлексия, бұл кезеңде жаңадан алған білім игеріліп, реттеледі; сөздік және графикалық-таңбалық тәсілде рефлексивтік талдау жасалады (әліппе-дәптерде), бұл баланың сыни, сараптамалық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Педагогке көмек ретінде балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін жүргізуге арналған №1,2 жұмыс дәптерлері әзірленді. Бұл жұмыс ресурсын пайдалану баланың алған білімдерін жүйелеуге, оқу қызметінің тақырыбы бойынша дағдыларын бекітуге көмектеседі.

## Білім беру саласы «Коммуникация»
## Көркем әдебиет

# ТҮСІНІК ХАТ

**«Көркем әдебиет»** оқу-әдістемелік кешені төмендегі нормативтік құжаттарға сәйкес дайындалған:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (***Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 ж. 15 мамырдағы №292 қаулысымен бекітілген***). Аталған стандарт Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі және мектепалды даярлық білім берудің жаңа методологиялық негізін анықтайды;
2. 1 жастан 6(7) жастағы балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (***Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 22 маусымдағы №391 бұйрығымен бекітілген***);
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (***Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген***).

Жаңартылған бағдарлама мектепке дейінгі білім берудің контекстегі 5 білімдік саласына жаңа мазмұн ұсынып отыр.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес «Қатынас» білім беру саласы бойынша «Көркем әдебиет» оқу қызметінің анықталған мақсаты және міндеттері:

**Мақсаты:** ересектер тобындағы балалардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын ояту, шығармаларды мұқият меңгеруге, оларды қабылдауда мәнерлік құралдарды және әдеби жанрларды ажыратып, шығарма кейіпкерлерін өздігінен талдауға үйреніп, әлеуметтену үдерісінде қолдана білетін сауатты оқырман тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

– балаларды көркем шығарма жанрларымен таныстырып, ажырата білуін меңгерту;

– балалардың көркем шығармаларды тыңдауға деген қызығушылығын ояту және оның мазмұнын, кейіпкердің көңіл күйін түсінуін қамтамасыз ету;

– балаларды көркем шығарманы әңгімелеуде өз ойын қиялымен ұштастыра айтуға баулу;

– балалардың шығарманы өзінің шығармашылығымен аяқтауға, өзінің пікірін дәлелдеуде жағымды-жағымсыз кейіпкерлерді өздігінен ажырата білуге үйрету;

– көркем шығарма мазмұнын жете түсіндіріп, үлкендер еңбегін құрметтеуге, өзінің туған жерін, елін, Отанын сүюге, адамгершілік сапаларды меңгеруге, қоршаған ортаға қамқорлық сезімін, көркемдік талғамын, достарымен, үлкендермен оң қарым-қатынас

құра білу іскерлігін және мінез-құлық нормаларын қалыптастыру;
– балалардың көркем шығарма мазмұнын өмірмен байланыстыруы және оны күнделікті тұрмыста қажетіне қарай пайдалануда әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру.
«Көркем әдебиет» оқу-әдістемелік кешенінің жиыны:
- Педагогтерге арналған әдістемелік нұсқау;
- Жұмыс дәптері.
Әдістемелік нұсқау төмендегі бөлімдерді қамтиды:
1. Ұйымдастырылған оқу қызметінің перспективалық жоспары.
2. Ұйымдастырылған оқу қызметінің 33 жоспарлары.
3. Қосымша хрестоматиялық материалдар берілді.
Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары келесі бөлімдер арқылы жүргізіледі:
бірінші бөлім – ***Ұйымдастыру кезеңі*** (өтілетін тақырып бойынша жағымды сәт туғызу, оқу қызметіне эмоциялық оң көзқарастарын құру;
екінші бөлім – ***Негізгі бөлім*** (артикуляциялық жаттығулар арқылы тіл аппаратының дамуы, зерттеулер, жаттығулар арқылы дағдыларын дамыту көзделеді);
үшінші бөлім – ***Қорытынды бөлім. Рефлексия*** (өзін-өзі бағалауды және қоштасу рәсімдерін ойын арқылы жүргізу.
**Күтілетін нәтижелер:**
– әдеби жанрларды ажыратады; өлеңді мәнерлеп жатқа оқиды;
– көркем мәтінді тыңдайды, кейіпкерлерге жанашырлық танытады;
– мәтін мазмұнына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды;
– шағын сахналық қойылымдарды ұжыммен көрсетуге қатысады;
– кітаптарға қызығушылық танытады, бірнеше белгілі шығармаларды, халық ауыз әдебиеті үлгілерін атайды;
– көркем шығарма мазмұнын түсіндіру, үлкендер еңбегін құрметтеу, өзінің туған жерін, елін, Отанын сүю, адамгершілік сапаларды меңгеру, қоршаған ортаға қамқорлық сезімін, көркемдік талғамын, достарымен, үлкендермен оң қарым-қатынас құра білу іскерліктерін және мінез-құлық нормаларын қалыптастырады;
– көркем шығарма мазмұнын өмірмен байланыстыра алады, оны күнделікті тұрмыста қажетіне қарай қолдана біледі.
Ұсынылып отырған әдістемелік нұсқаудың *өзектілігі:* мектепке дейінгі ұйымдарда «Көркем әдебиет» оқу қызметін ұйымдастыруды жобалауда ойын технологияларын қолданудың тиімділігі – шығарма түрлерін ажырата алатын, шығарманы сахналайтын, өз қиялын жүйелі жеткізе алатын, әлеуметтенуге бейім шығармашыл тұлға қалыптастыру. Сондықтан да «Көркем әдебиет» оқу қызметін ұйымдастыруға арналған ұйымдастырылған оқу қызметі кешенінде балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, белсенділігін арттыру, қиялы мен зейінін, ерік-жігерін тәрбиелеу, сөздік қорын дамыту, рөлдерді сахналау, кейіптендіру, мәнерлі құралдарды қолдану үшін басты назарда ***ойын технологияларын*** пайдалану көзделді

**Білім беру саласы «Коммуникация»**
**Жаратылыстану**

# ТҮСІНІК ХАТ

**«Жаратылыстану»** оқу-әдістемелік кешені төмендегі нормативтік құжаттарға сәйкес дайындалды:
1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2016 ж. 15 мамырдағы № 292 қаулысымен бекіген). Аталған стандарт Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі және мектепалды даярлық білім берудің жаңа методологиялық негізін анықтайды;
2. 1 жастан 6(7) жастағы балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 22 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекіген);
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекіген). Жаңартылған бағдарлама мектепке дейінгі білім берудің контекстегі 5 білімдік саласына жаңа мазмұн ұсынып отыр.
ОӘК кешеніне:
- әдістемелік нұсқау
- балаларға арналған әліппе-дәптер кіреді.
Әдістемелік нұсқауда балаларды шығармашылыққа, зерттеу үдерісіне жұмылдыру, табиғи-ғылыми білім алуға қызықтыру бағытында жұмыс жүргізу жүйесі ұсынылған. Онда баланың бойында ізгілік қасиеттер қалыптастырып, тұлға ретінде дамытуды, білім беру салаларын бір-бірімен үйлестіре отырып, мектеп жасына жетпеген балаларды оқыту мен дамытудың тиімді тәсілдері қарастырылған. Білім беру салаларын бір-бірімен үйлестіру баланың жеке көзқарасын қалыптастыруға, рухани-адамгершілік, азаматтық және эстетикалық таным-түсініктерін дамытуды көздейді.

Жаратылыстану пәні ҰОҚ-ларының мақсаты мынадай:
- тірі және өлі табиғаттағы заттар мен құбылыстар туралы білімдерін арттыру;
-жыл маусымдарындағы құбылыстар, өсімдіктер (жемістер мен көгөністер, ағаштар мен бұталар); жануарлар (үй жануарлары, жабайы аңдар) және олардың жылдың түрлі тіршілік ету ерекшеліктері туралы; табиғатты мекендеушілерге қамқорлық жасау тәсілдері туралы білімдерін кеңейту;

-себеп-салдарлық байланыстарды анықтай білуге баулу.
Сабақтың құрылымы төмендегі кезеңдерден тұрады:
• Бірінші кезең – ынталандыру-қызығушылықтарын ояту кезеңі (жағымды эмоционалдық көңіл күй қалыптастырып, сабаққа ықыласын ояту, балалардың ұсынылып отырған сабақ тақырыбын қуана қабылдауы үшін қажет);
• Екінші кезең – ізденістік-ұйымдастырушылық кезең, бұл үдеріс барысында зерттеліп отырған мәселе түсіндіріліп, балалардың бәрі сабаққа белсенді араласады;
• Үшінші кезең – рефлексивтік-түзетушілік кезең, бұл кезеңде жаңадан алған білім игеріліп, реттеледі; баланың жеке білімдеріне айналады; сөздік және графикалықтаңбалық тәсілде рефлексивтік талдау жасалады (әліппе-дәптерде), бұл баланың сыни, сараптамалық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Осы оқу-әдістемелік кешенінде ұсынылып отырған құралдар білім беру және тәрбие үдерісінде, сондай-ақ Жаратылыстану ҰОҚ-сын оқыту нәтижесінде белгілі бір өзгерістер енгізуге бағытталған. Олар жұмыс істеудің үйреншікті тәсілдері мен дәстүрлерін өзгертуді талап етеді. Бірақ бұл – мазмұнды жаңарту және бастауыш мектептің оқу  бағдарламаларымен сабақтастық байланыс орнатудың басты шарты.

**Білім беру саласы «Коммуникация»**
**Қоршаған ортамен танысу**

# ТҮСІНІК ХАТ

**«Қоршаған ортамен танысу.** » оқу-әдістемелік кешені төмендегі нормативтік құжаттарға сәйкес дайындалды:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты(Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2016 ж. 15 мамырдағы № 292 қаулысымен бекіген). Аталған стандарт Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі және мектепалды даярлық білім берудің жаңа әдіснамалық негізін анықтайды;
2. 1 жастан 6(7) жастағы балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 22 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекіген);
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекіген). Жаңартылған бағдарлама мектепке дейінгі білім берудің контекстегі 5 білімдік саласына жаңа мазмұн ұсынып отыр.

Әдістемелік нұсқаудың **құрамы:**

- перспективалық жоспар үлгісі;
- ұйымдастырылған оқу қызметінің үлгі жоспарлары.

Қоршаған ортамен (айналадағы заттар және қоршаған әлем құбылыстары) танысуға 16 ұйымдастырылған оқу қызметі.

**Мақсаты:** «Әлеумет» білім беру саласы бойынша бала санасында экологиялық түсініктерді қалыптастыру, табиғат әлеміне, қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарға деген танымдық қызығушылықтарын арттыру, коммуникативтік-танымдық қызметін дамыту, қоршаған орта құбылыстарымен таныстыру кезінде балалардың әлеуметтік дағдыларын жетілдіру, табиғатқа дұрыс қарым-қатынас жасай білуге тәрбиелеу.

«Қоршаған ортамен танысу. » атты әдістемелік нұсқау келесі білім беру **міндеттерін** шешуді көздейді:

- жүйелі экологиялық түсініктер және адамзат өмір сүретін орта ретінде табиғат пен әлемт туралы ұғым қалыптастыру;
- бұл түсініктерді осы жас тобындағы балалардың қабылдап, түйсінуі үшін айқын, бейнелі, жақсы есте сақталатындай етіп иллюстрациялау;
- табиғатты қорғау қызметінің қажеттілігі туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру;
- адам мен табиғаттың өзара байланыс негізі ретінде экологиялық мәдениетке және адамгершілікке тәрбиелеу;

- жанды және жансыз табиғатты аялауға, өз әрекеті үшін жауапкершілікті сезіне білуге баулу;
- айналада болып жатқан нәрселерге немқұрайды қарамауға тәрбиелеу;
- табиғаттағы құбылыстарды бақылау дағдысын және көргендерін талдай білу қабілеттерін дамыту.

Қоршаған ортамен танысу балалар үшін түсінікті және нәтижелі болуы үшін өзара ісәрекеттің балама түрлері, әдіс-тәсілдері таңдала отырып, психологиялық ерекшелігіне сәйкес жүзеге асырылуы қажет.

Бірінші бөлім – ұйымдастыру кезеңі. Бұл бөлімде құрбылары мен педагогтерге деген тілектестік қарым-қатынас пен өзара әрекеттестік қалыптасады. Іс-әрекеттеріне ой толғау жаттығулары беріледі.

Екінші бөлім – негізгі кезең. Бұл бөлімде алған білімдерін толықтырады, жаңа білім алады, ақиқатқа негізделген көзқарастар қалыптасады.

Үшінші бөлім – рефлексия. Балалар педагогтің көмегімен сұрақтарға жауап бере отырып, алған білімдерін бекітеді.

**Оқу-әдістемелік кешеннің құрамы**:

1. «Қоршаған ортамен танысу. ». Әдістемелік нұсқау.
2. «Қоршаған ортамен танысу». Жұмыс дәптері

Әдістемелік нұсқау 5–6 жастағы балаларды қоршаған ортамен (айналадағы заттар және қоршаған әлем құбылыстары) таныстыру жұмысын табысты ұйымдастыруға және өткізуге көмектеседі. Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы, ойын түріндегі ұйымдастырылған оқу қызметі немесе ойындар арқылы әрбір тақырыптың мазмұны ашылып берілген. Ойын түріндегі әртүрлі тапсырмалар жұмыс дәптерінде де берілген. Педагогтің ұйымдастырылған оқу қызметін жоспарлауда алуан түрлі ойындар, мәселеге қатысты мысалдар енгізе отырып шығармашылық танытуы балалармен жұмыс жүргізуді барынша табысты, мағыналы етуге мүмкіндік береді.

**Білім беру саласы «Коммуникация»**
**Аппликация**

# ТҮСІНІК ХАТ

«Аппликация»» оқу-әдістемелік кешен жаңа буынның төмендегі нормативтік құжаттарына сәйкес дайындалды.
1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (***Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 ж. 15 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген***). Аталған стандарт Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі және мектепалды даярлық білім берудің жаңа методологиялық негізін анықтайды.
2. 1 жастан 6(7) жастағы балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (***Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 22 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген***).
3.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (***Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген)***.
Бағдарлама келесі мақсаттар мен міндеттерді анықтайды.
Мақсаты: мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды эстетикалық талғамға, жапсырма бейнелерін мәнерлі құру іскерліктеріне тәрбиелеу; оюөрнек безендіруді және қию әдіс-тәсілдерін меңгеруді дамыту.
Міндеттері:
- қиюдың түрлі тәсілдерін қолданып, бірнеше бөліктерден заттар құрастыру және түрлі пішіндегі геометриялық және өсімдік элементтерінен құралған өрнектерді құрастыру іскерліктерін дамыту;
- көз алдына елестету арқылы бейнелерді құра білуді жалғастыру, затқа қарап жапсыру дағдыларын қалыптастыру;
- көркем қолөнер туралы түсініктерін қалыптастыру, шеберлердің қандай материалдармен және құралдарды қолданатыны туралы түсінік беру;
- жапсыру барысында түсті мәнерлілік құралы ретінде қолдану іскерліктеріне тәрбиелеу, қағаздың түсі мен оның реңктерін жеке таңдау үдерісінде түстерді сезе білуін жетілдіру;
- ұлттық сәндік қолданбалы өнердің салдарын жапсыру барысында қолдануға үйрету, балаларды қазақтың ұлттық өнерімен, оның түрлерімен, ерекшеліктерімен, түс және композициялық құрылымымен таныстыру.

Ұсынылған әдістемелік нұсқаудың өзектілігі ұйымдастырылған оқу қызметінің кешенділігі және ұйымдастырылған оқу қызметі барысында жобалау және әртүрлі ойын әдіс-тәсілдерін қолдана отырып қазіргі әлеуметтік ортаға сай шығармашыл жеке тұлға қалыптастыру.

Әдістемелік нұсқау төмендегі бөлімдерден тұрады:

- Перспективалық жоспар;
- Ұйымдастырылған оқу қызметінің үлгі жоспарлары.

Әдістемелік нұсқау мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың эстетикалық талғамдарын, жапсырма бейнелерінің мәнерлілігін құру іскерліктеріне тәрбиелейді. Сондай-ақ балаларды безендіру және ою-өрнек қызметіне дайындайды, қию тәсілдерін меңгеру барысында көру қимыл үйлестірулерін дамытады. Ұлттық өнерге деген сүйіспеншілігі қалыптасады. Баланың көркемдік талғамы, шығармашылық қабілеті артады.

Жыл соңында жапсыру бойынша бағдарламалық материалдарды меңгеру нәтижесінде балалар:

- үлгілермен, дайын киім үлгісімен жұмыс істеуді;
- өзінің жұмысын композиция, перспектива ережелеріне сәйкес құруды;
- жұмыс тәсілдерін таңдауды және дәлелдеуді;
- қайшыны дұрыс қолдануды;
- жұмыс материалдарын тиімді қолдануды;
- екі бүктелген қағаздан симметриялық пішіндер қиюды;
- ұлттық өнердің желісімен түрлі пішіндегі қағазда геометриялық элементтерден (шеңберлер, шаршылар, сопақшарлар) өрнектер, көз алдына елестету арқылы бірнеше бөліктерден заттарды құрастыруды;
- заттарды қазақ өрнектерімен әшекейлеуді;
- ұлттық бұйымдарды ою-өрнек элементтермен бейнелеуді;
- жырту тәсілімен жапсыруды орындауды;
- Қазақстан табиғатын, адамдардың еңбектерін бейнелей отырып,ұжымдық композицияларды орындауды;
- еске түсіру бойынша, затқа қарап, пішініне, пропорциясына, көлеміне, перспективасына назар аудара отырып заттарды бейнелеуді (қию, жапсыру және т.б.);
- өзінің жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыру, жұмыс кезінде тәртіп сақтауды;
- еңбек қауіпсіздігі және жеке гигиена ережелерін сақтауды білуі тиіс.

**Білім беру саласы «Коммуникация»**
**Құрастыру**
**ТҮСІНІК ХАТ**

«Құрастыру» оқу-әдістемелік кешен жаңа буынның төмендегі нормативтік құжаттарына сәйкес дайындалды.

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (*Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 ж. 15 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген*). Аталған стандарт Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі және мектепалды даярлық білім берудің жаңа методологиялық негізін анықтайды.

2. 1 жастан 6(7) жастағы балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (*Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 22 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген*).

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (*Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген)*. Жаңартылған бағдарлама мектепке дейінгі білім берудің контекстегі 5 білімдік саласына жаңа мазмұн ұсынып отыр.

«Құрастыру» ұйымдастырылған оқу қызметінде балалар белгілі бір нәтижеге қол жеткізе алады. Балалар нәтижеге жету үшін арнайы уақыт бөлініп, оны орындауға күш жұмсайды. Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында педагог балалардың қызығушылығын арттыра отырып, өздігінен оқу қызметіне белсенді араласуына, құрастырумен айналысуда өз шеберліктерін көрсете алуына жағдай жасауы қажет. ҰОҚ-де балалардың құрылыс материалдарымен, қағазбен, табиғи материалдар және өндіріске қажетсіз заттармен жұмыс жасағанда еркіндік беру, өздері қалаған орындарына отырып жасауға, ыңғайлы орынға жайғасуына және басқа құрбыластарымен ақылдасып, бір-бірінен сұрап, көмек көрсетіп, пікірлесе алатындай болуы шарт. Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында балалармен қарым-қатынас өзара ынтымақтастыққа, сенім білдіруге, балалардың жетістіктеріне, еңбек нәтижелеріне үлкендердің және құрбыластарының тарапынан қуаныш сезімдерінің болуына көңіл бөлу керек.

Педагог құрастырумен шұғылдану үшін балаларға оқу қызметінің барысын көрсетіп, түсіндіруі өте нақты, қысқа да нұсқа болуы, көп сөзділікке ұрынбауы ескеріледі. Ұйымдастырылған оқу қызметін бағыттауға нақты нұсқау беріледі, үнемі отырып жұмыс жасау балаларды шаршататындықтан, құрылыс материалдарымен түрегеліп тұрып жұмыс жасауына рұқсат етуге болады. Балалар құрастыру жұмысын

біреуі ерте, біреуі кеш аяқтаулары мүмкін, мұндай жағдайда ерте бітірген балалар қосымша тапсырма алады немесе қасындағы жолдасына көмектесуіне болады. Тапсырмаларды белсенді орындауға, ҰОҚ аяқталғанда талдау жасауға барлығы қатыстырылады. Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында бірнеше балада немесе топтың жартысында құрастыру қызметінде кемшіліктер кездессе, онда ескертуді барлық балаға айтуға болады, егер бір-екі бала ғана орындай алмаған жағдайда жеке-дара нұсқау беріледі. Педагог балаларға үнемі құрастыруға арналған міндеттерді өздігінен шешуге, дербес әрекет етуге, ойлануға және өздері жасап көруге бағыт береді, жағдай жасайды. Еңбек нәтижесін үнемі тәжірибеде пайдалана алатындай, мысалы: көрме ұйымдастыру, аналарына, үлкендерге, достарына сыйға тарту, ҰОҚ-де қатыстырылатын қоян, күшік, мысық, құстар т.б. «кейіпкерлермен» отырып ойнай алуға көңіл бөлінеді. ҰОҚ баланың қызығушылығын оятатындай және ойлануға, шығармашылықпен әрекет етуге ықпал жасауы тиіс. ҰОҚ-де көркем сөз, өлең оқу, жұмбақ жасыру, ертегі айтып берудің де маңызы өте зор. ҰОҚ-нің соңында талдау жасауда барлық жұмыстар назардан тыс қалмауы керек. Құрылыс материалдарымен жұмысты талдауда құрылыстың жеке бөліктерін, қалай құрастырылғаны туралы баяндайды.

Ойыншықтар арқылы жасалған құрылыс немесе заттар ойын іс-әрекетіне ауысқаны маңызды болмақ. Талдау барысында ойыншықтардың атынан сөйлеуге, жетістіктері мен кейбір кемшіліктердің себептерін анықтап, оны түзету бағытында айтылған пікірлер пайдалы болары сөзсіз. Бұл топта балалар өздерінің құрылыстары, жасаған заттары жайында өздері әңгімелеп, жолдастарының еңбегіне де талдау жасауға, өз ойларын айтуға дағдыланады. Бірін-бірі сыйлауға, өз жолдастарын құрметтеуге, қайырымдылыққа тәрбиелеуге баса назар аударылады. Оқу қызметі барысында баяу қойылған саз әуенін пайдалануға болады.«Құрастыру» білім беру саласы бойынша дайындалған осы ОӘК балалардың жан-жақты дамуына көмегін тигізіп, туындаған сұрақтардың шешімін табады деп сенеміз.

## Білім беру саласы «Коммуникация»
## Математика негіздері

# ТҮСІНІК ХАТ

«Математика негіздері» оқу-әдістемелік кешені (ОӘК) мынадай нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 15 мамырдағы №292 қаулысымен бекітілген). Осы стандарт Қазақстан Республикасында мектепке дейін және мектепалды оқытудың жаңа әдіснамалық негіздерін белгілейді;
2. 1 жастан 6 (7) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейін **тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР БҒМ 2016ж.** *22.06. № 391 бұйрығымен бекітілген*);
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы *(ҚР БҒМ 2016ж.12.08. № 499 бұйрығымен бекітілген).* Жаңартылған бағдарлама 5 білім беру салалары мәнмәтінінде мектепке дейін білім берудің **жаңа мазмұнын** ұсынады.

«Таным» білім беру салаларының базалық мазмұны ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады – қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру, құрастыру, жаратылыстану.

**Математика негіздері бөлімінің мақсаты:**

коммуникативтік-танымдық қабілеттерді, математикалық және логикалық ойлауды қалыптастыру.

**Міндеттері:**

• танымды дамыту, зейінін, қабылдау, шығармашылық қабілеттерін, қиялын, ойлау вариативтілігін; ақыл-ой іс-әрекетінің тәсілдерін (талдау, жинақтау, салыстыру, қорытындылау, жіктеу, модельдеу, құрастыру, себеп-салдарлы байланыстарды анықтау) үйрету.

5 жас пен 6 жас мектепке дейінгі балалардың танымын дамытудың жаңа сатысы болып табылады. Бұл жаста балалардың танымдық жүйесі белсенді түрде дамиды. Бала бізді қоршаған ортадағы заттардың бәрінің арасында белгілі бір байланыс барын, олардың бір- біріне тәуелділігін түсіне бастайды. Сондықтан дәл осы уақытта баланың қоршаған орта мен әлемдегі құбылыстар туралы ұғымын реттеуге және толықтыруға көмектесу қажет.

5–6 жастағы бала қоршаған ортаны өз іс-әрекеттері мен айналасындағылардың әрекеттері арқылы; өзінің өмірдегі тәжірибесі арқылы; сөз, яғни ересектердің әңгімелері арқылы; кітаптар, телебағдарламалар, танымдық сипаттағы компьютерлік ойындар, саяхаттар мен өзге де білім көздері арқылы таниды.

5–6 жастағы баланың танымдық дүниесін дамыту ісінің міндеттері:

баланың қоршаған орта туралы ұғымының молаюына және кеңеюіне ықпал ету;
логикалық операциялардың (талдау, салыстыру, жинақтау, жіктеу) көмегімен алынған және жинақталған мәліметтерді жүйелендіру;
балалардың бойында айнала қоршаған ортаға ұқыпты, байыпты көзқарас қалыптастыру.
Бұл орайда ОӘК-нің басты мақсаты – қойылған тапсырмаларды шешу үшін тиімді әдіс-тәсілдер мен технологияларды анықтау болып табылады.
«Математика негіздері » оқу әдістемелік кешені:
педагогтерге арналған әдістемелік нұсқау;
№ 1, 2 жұмыс дәптерлері;
демонстрациялық материалдардан тұрады.
Әдістемелік нұсқау төмендегі бөлімдерді қамтиды:
-перспективалық жоспар;
-ұйымдастырылған оқу қызметінің үлгі жоспарлары (33). Қосымшалар. Дидактикалық ойындар.
ҰОҚ келесі бөлімдер арқылы жүргізіледі:
**бірінші бөлім** – *ұйымдастыру кезеңі* (өтілетін тақырып бойынша қуанышты сәт туғызу, оқу қызметіне эмоционалдық оң көзқарас құру
**екінші бөлім** – *негізгі кезең* (артикуляциялық жаттығулар арқылы тілдерін дамыту, зерттеулер, жаттығулар арқылы дағдыларын дамыту көзделеді);
**үшінші бөлім** – *рефлексия* (өзін-өзі бағалуды және қоштасуды ойын арқылы жүргізу. Рефлексия педагогке бағдарлама міндеттерінің меңгерілгенін анықтауға көмектеседі.
**Күтілетін нәтижелер.**
Бағдарламаны меңгеру нәтижесінде жыл соңында балалар:
«Бір» сөзінің мағынасын біледі;
5 және одан артық заттардың өлшемдік қатынастарын анықтай алады;
жиынның құрамдас бөліктерін анықтауды үйренеді;
10 көлеміндегі сандар мен цифрларды және оларды тура және кері санауды біледі;
қарапайым мысалдар мен есептерді шешеді, сөйлеген кезде заттардың саны мен шамасы бойынша арақатынастарын көрсететін математикалық терминдерді пайдаланады;
геометриялық пішіндерді және денелерді біледі және ажырата алады;
кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлайды;
апта күндерін, айларды, жыл мезгілдерін кезектілігі бойынша атайды;

заттарды салмағы бойынша анықтайды, заттың салмағы оның өлшеміне байланысты емес екендігін біледі.

Бекітемін: _____

«Академик Е.А.Бөкетов атындағы мектеп- гимназиясы» КММ-сінің директоры Н.Ж.Билялова

«02» 09 2021 ж.

Бет саны 30

Барлық беттер нөмірленді,мөрмен бекітілді.